

Келісемін:



№35 «Шұғыла» бөбекжайының
әдіскері Калдышева Н.З.

Бекітемін

№35 «Шұғыла» бөбекжайының
Менгерушісі м.ә. Жаденова Ж.Ж.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылына арналған
қазақ тілі пәнінен ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Ақкөгершін» мектепалды топ**

Қазақ тілі пәні мұғалімі: Есенгелдиева Д.А

«Балдырған» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

№	Уақыты	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
1	Қыркүйек	Тілдік дамытушы орта. Қоршаған ортаға қарым- қатынасын білдіруге үйрету. Ауызекі сөйлеуді қарым – қатынас құралы ретінде дамыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән «Ә» дыбысын, осы дыбыстан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қоры. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған бұйымдарымен таныстыру. Тілдік грамматикалық құрылымы.Сөздерді жіктепқолдана білуге бағыттау; Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше құрбыларымен қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімені мұқият тыңдауға баулу.	Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді; Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән «Ә» дыбысын, осы дыбыстан тұратын сөздерді дұрыс айтады. Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған бұйымдарымен танысады. Сөздерді жіктеп қолданады; Өз бетінше құрбыларымен қарым-қатынас жасайды, әңгімелеседі, әңгімені мұқият тыңдайды.
2	Қазан	Тілдік дамытушы орта.Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен жабдықталған ортаны құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән «Ө» дыбысын, осы дыбыстан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қоры.Қазақ халқының қолөнер шеберлерімен жасалған тұрмыстық заттарды білдіретін атауларымен толықтыру.	Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән «Ө» дыбысын, осы дыбыстан тұратын сөздерді дұрыс айтады. Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). Қазақ халқының қолөнер шеберлерімен жасалған тұрмыстық заттарды

		Тілдік грамматикалық құрылымы. Сөздерді тәуелдеп қолдана білуге бағыттау; Байланыстырып сөйлеу.Әңгіме барысында сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.	білдіретін атауларды үйренеді. Сөздерді тәуелдеп қолдана біледі; Әңгіме барысында сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді.
3	Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін сөздерді(кереге, уық, шаңырақ, алаша, сандық, кілем, арқан, т.б.) үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға баулу.	Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді; Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады, сөздегі дыбыстардың орнын ажыратады; Қазақ халқы қолөнер шеберлері мен жасалған бұйымдарды біледі; Киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін сөздерді біледі.
4	Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Күнделікті өмірде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету; дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Сөздік қор: Азық-түлік атауларын (арпа, бидай, күріш, талқан, жүгері, тары, құрт, сүзбе, қымыз, айран) үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді тәуелдеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.	Азық-түлік атауларын атайды; Сөздерді тәуелдеп қолданады; Әңгімелесушіге сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді.
5	Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.	Аншылық кәсіпке, егіншілік, мал өсіруге байланысты сөздерді біледі және оны ауызекі тілде өз бетінше

		Сөздік қор: Аңшылық кәсіпті, мал өсіруге байланысты, егіншілік кәсіпке байланысты сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.	қолданады; Сөздерді септеп қолданады; Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады.
6	Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қор: Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойынша хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажырата білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы еркін талқылауға баулу.	Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі, өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтады; Интонациясы бойынша хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажырата біледі; Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізеді, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен береді; Ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізеді.
7	Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: Шағын өлеңдер, санамақтар, тақпақтар жаттатқызу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөйлегенде хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолдана білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу:	Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолданады; Ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізе алады.

		Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.	
8	Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор: Жаңылтпаштар жаттатқызу, жұмбақтар шешу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша әңгіме құрастыруға, оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.	Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастырады; Жаңылтпаштарды айтады, жұмбақтарды шеше алады; Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді; Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастырады.
9	Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Сөздік қор: Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу: Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.	Шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады; Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді; Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолданады;

Бауланды

Нөмірленді

« 31 »

08 2023 год

